

**«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған  
Тутинова Нургуль Ерманатовнаның «Әлеуметтік-мәдени  
конфликтілердегі діни фактор (Қазақстан мысалында)» тақырыбында  
жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

**СЫН-ШҚІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазіргі уақытта дін әлем бойынша қоғамдық өмірдің барлық саласына – мәдениет, білім, тұрмыстық және жекелеген діни лидерлердің конфессиялардың аполитикалығы туралы мәлімдемелеріне қарамастан-саясатқа терең интеграцияланған. Сондықтан қоғамдық өмірдің түрлі салаларын қамтитын әлеуметтік конфликтілер дінде көрініс табады. Ал діни негізде пайда болған конфликт процестері өсіп, күшейе отырып, әлеуметтік қатынастардың, бірінші кезекте саяси, экономикалық, ұлтаралық сипатқа сөзсіз әсер етеді.

Діни фактордың негізінде туындаған конфликтілерді зерттеу қажеттілігі осы феноменнің күрделілігімен және көп қырлылығымен, ішкі конфессиялық және конфессияаралық қатынастарға, әлеуметтік, мәдени ортаға әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардың көптігімен түсіндіріледі.

Діни фактордың негізінде туындағын конфликтілердің қоғамдағы қауіптілігін, конфликтілерді толық шешуге мүмкіндік болмаса да, оның зардаптарын мейлінше азайту үшін конфликтілерді реттеу әдістерін зерттеу қажеттілігіне баса назар аударылады. Әлеуметтік-мәдени конфликтідегі діни факторлары қарастырылып, жалпы сипаттама беріліп, оның алдын алу мен реттеудің технологиялары мен Қазақстан Республикасында діни мәселелерді реттеудің жолдарының механизмдері толықтай қарастырылған. Диссертацияда әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторлардың алдын алуға байланысты әлемдік тәжірибелердің ұсыныстары айтылуымен өзектілігі арта береді.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Ізденуші Нургуль Ерманатовнаның диссертациялық жұмысының жоспары, мақсаты мен міндеттеріне сай жеті ғылыми нәтижені көрсетеді. Әрқайсына жеке тоқталатын болсақ: **Бірінші нәтижеде** «Конфликт» түсінігінің ұғымдық категориялық мәнін ашу, типологиясын анықтап, «діни конфликт» ұғымына ғылыми анықтама ұсынған; діни саладағы конфликтілердің пайда болу және даму себептері көрсетілді; Отандық, шетелдік ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, діни конфликтінің концептуалдық негіздері, соның ішінде, конфликтінің құрылымдық түрлері қарастырылған. **Екінші нәтижеде** әлеуметтік-мәдени конфликтілердің ерекшеліктерін және олардың классификациясының критерийлерін



айқындаған. **Үшінші нәтижеде** әлеуметтік-мәдени конфликтілерді тудырушы факторларды зерттеу барысында конфликтілердің типологиясы жасалынып, олардың түрлеріне талдаулар жасалған. **Төртінші нәтижеде** Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер динамикасын айқындалып, сарапталған. **Бесінші нәтижеде** Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер және оған ықпал еткен дін факторы нақты айқындалып, алдын алу ұсыныстары жасалды. **Алтыншы нәтижеде** Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторлардың алдын алу және реттеуге қатысты тәжірибелік ұсыныстар жасалған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші, әрқайсысы теориялық негізделген, практикалық тұрғыда қарастырылған, сонымен толық қорытынды жасалған.

### **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген болып табылады. Диссертациялық ізденіс барысында алынған нәтижелердің дәлелдігі конфликтілерге баса назар беріліп, әлеуметтік-мәдени құндылықтар саласына арналған көптеген еңбектерді және эмпирикалық мәліметтерді қолдану негізінде дәйектелген.

**Екінші ғылыми нәтиже** «Әлеуметтік конфликт» шешуді талап ететін әлеуметтік мәселенің туындауына байланысты нақты әлеуметтік жағдайда қалыптасуы және реттелуі анықталып, ол белгілі бір себептері, өзінің әлеуметтік тасымалдаушылары (жіктер, ұлттар, әлеуметтік топтар және т.б.) бар, белгілі бір функцияларға, ұзақтығы мен шиеленісуге ие екенін нақтылады.

**Үшінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген болып табылады. Әлеуметтік-мәдени ортада діни фактордың әсерінен туындаған конфликт бар, сонымен бұл заңды құбылыс. Конфессияаралық және этносаралық қатынастардың бір-бірімен қарым-қатынасы өзара өркениетті шеңберде жүруі қажеттілігі көрсетілген.

**Төртінші ғылыми нәтиже** Қазақстанда тәуелсіздіктен бергі жылдары әлеуметтік-мәдени ортада бірқатар конфликтілер орын алды. Әлеуметтік теңсіздік, ұлттаралық қатынастар, субмәдениеттер, тіл мәселелерінде ол анық тұжырымдалған.

**Бесінші ғылыми нәтиже** әлеуметтік-мәдени конфликтілер негізінен мына салаларға ықпал етіп, түрлі конфликтілердің туындауына жол ашты: білім, спорт, өнер, мәдениет, құқық, денсаулық, мемлекеттік басқару, мүліктік қатынастар, неке-отбасы анықталды.

**Алтыншы ғылыми нәтиже** нақты және негізделген болып табылады. Қазақстандағы діни жағдайға шолу жасасак, шынымен де дінге адамдар біреудің үгіттеуімен немесе айтқан кеңестері арқылы келгендіктерін білеміз. Сондықтан халықтың діни ағымдардың идеологиясына қарсы мемлекет



тарапынан карсы тұратын иммунитет қалыптастыру қажет. Сонымен дәстүрлі діни бағыттың дін өкілдерінің білімдерін шыңдап, халық арасында насихат жұмыстары кең көлемде жүргізілу керек.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жанашылдық деңгейі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа болып табылады, «Конфликт» түсінігінің ұғымдық-категориялық мәні ашылды, «діни фактор», «діни конфликт» ұғымына ғылыми анықтама жасалынды, діни конфликттің концептуалдық негіздері, соның ішінде, конфликттің құрылымдық түрлері анықталды.

**Екінші ғылыми нәтиже** жаңа болып табылады, әлеуметтік тасымалдаушылары (жіктер, ұлттар, әлеуметтік топтар және т.б.) бар, белгілі бір функцияларға, ұзақтығы мен шиеленісу түрлері зерделеніп, әлеуметтік-мәдени конфликтілердің классификациясына этникалық, діни және өркениет факторларының ықпалын көрсеткен.

**Үшінші ғылыми нәтиже** жаңа болып табылады. Әлеуметтік-мәдени конфликттерді тудыратын факторлар қатарын этникалық, діни және өркениеттік факторларын ашып, тұжырымдаған.

**Төртінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа. Әлеуметтік теңсіздік, ұлтаралық конфликтілер, субмәдениеттер, тіл мәселелері анық зерделенген.

**Бесінші ғылыми нәтиже** жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік мәдени конфликтілердегі діни факторлардың ықпалдылық сипаты мен әсер ету бағыттарын талдаған. Аталған салаларда дін факторымен конфликттердің пайда болуына Иегова куәгерлері, Саентология, Салафиттер, Хизбут Тахрир, Зікіршілер секілді дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалы болғанын нақты талданған.

**Алтыншы ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік мәдени конфликтілердегі діни факторлардың ықпалдылық сипаты мен әсер ету бағыттарын көрсеткен.

**Жетінші ғылыми нәтиже** жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік мәдени конфликтілердегі діни факторлардың алдын алу және реттеуге қатысты тәжірибелік ұсыныстар жасаған.

#### **Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Нургуль Ерманатовнаның диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады және бұл зерттеудің негізгі қорытындылары мен ұсыныстарын мемлекеттік билік органдары, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылар мемлекет ішіндегі әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторларды сараптау және бағалау, сонымен дәстүрлі емес бағыттағы ағымдарды реттеу, ондағы конфликтілердің алдын алу, әлеуметтік-мәдени негіздегі конфликтілердің алдын алу, аймақтардағы конфликтілерді реттеу, мемлекеттің ұлттық саясатын жүргізу барысында нақты шаралар мен бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында пайдаланыла алады. Сонымен бірге, диссертацияда жаңалықтар мен тұжырымдарды Дінтану және конфликтология мәселелері бойынша өткізілетін арнайы курстарда дәріс оқуға, сараптама жасауға



колдануға болады.

**Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 18 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚҰ БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Адам әлемі» журналында – 2 ғылыми мақала, ҰҒА-ның «Әл-Фараби» журналында – 1 ғылыми мақала, ҚазҰУ-нің «Дінтану» журналында – 1 мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында – 6 мақала, Республикалық конференциясында – 1 мақала, шетелдік баспа журналында (Англия мен Өзбекстан) – 2 мақала, Scopus нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 3 ғылыми мақала басылып шықты.

**5. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Нургуль Ерканатовнаның диссертациялық зерттеу жұмысы кәсіби деңгейде жазылған. Жұмыстағы кемшіліктерге келер болсақ, мәтінде кейбір сөйлемдерде орфографиялық және пунктуациялық белгі орындарының ауысып кетуі (тире, дефис) байқалады.

3-ші тараудың бірінші тараушасында «Қазақстан Республикасында дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілер» тақырыбында ҚР аумағында тараған және біршама проблемалар тудырған жаңа діни ұйымдарды мысалы, Евангелшіл христиан-баптистердің кейбір ағымдарын, жалған сауықтыру мен медициналық білімді насихаттаған «Аллы-аят», «Фархат-ата», «Ата-жол» және псевдо салафизм лидерлері мен «Білім. Сенім. Өмір» (қоғамда Исматуллашылар немесе Зікіршілер есімімен танымал) жалған діни ұйымдарды жан-жақты талданған. Бірақ, ҚР Жоғарғы соты және Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл сотының шешімінен Қазақстан аумағында экстремистік және террористік деп танылған «Хизбу әт-Тахрир», «Таблиці жамағаты» сияқты т.б. радикалды топтар көрсетіліп зерделенсе диссертацияның құндылығы арта түсері даусыз. Себебі бұл діни ұйымдар Қазақстан қоғамында белгілі деңгейде әлеуметтік конфликттердің ошақтары болғаны мәлім.

«Қазақстан жағдайында діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілердің алдын алу жолдары» атты тараушада Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы жақсы деңгейде қамтылған. Бірақ, қоғамның діни экстремизмге қарсы имунитет қалыптастыру мақсатында халық арасында атқарылып жатқан діни сауаттандыру іс-шараларын, ақпараттық-түсірдіру жұмыстары қажетінше қамтылмай қалған секілді. Жоғарыдағы тұжырымдама аясында Дін істер комитетінің жанынан құрылған РАТТ және ҚМДБ жанынан құрылған АНТ топтары мен олардың діни негізде әлеуметтік-

мәдени конфликттердің алдын алуға үлесі қамтылса диссертацияның практикалық маңызы еселене түсер еді.

Дегенмен, кемшіліксіз жұмыс болмайды. Зерттеу нәтижелері ізденушінің дұрыс бағытта екенін, аталған кемшіліктерге карамастан ізденушінің зерттеу барысында қойған міндеттеріне қол жеткізді деп есептеймін. Берілген ұсыныстар мен кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

**Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертант Нургуль Ерманатовнаның қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті. Жұмыс толық аяқталған. Диссертант өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана білген. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық мәдениеттану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

Нургуль Ерманатовнаның «Әлеуметтік-мәдени конфликттердегі діни фактор (Қазақстан мысалында)» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Нургуль Ерманатовнаның «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми сын-пікір беруші:**

Нұр-Мұбарак Египет  
ислам мәдениеті университеті  
Академиялық мәселелер департаментінің директоры,  
философия ғылымдарының  
кандидаты, доцент



Ж.С. Сандыбаев